# SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

№18 (8996)

СЕНБІ

5 наурыз, 2022 жыл




# АРУЛАР-АЯУЛЫЛАР, АРДАҚТЫЛАР!

**Құттықтаулар!**

## Көкорай көктемнің қуаныш мерекесі

**Құрметті аналар мен қыз-келіншектер**

Сіздерді 8 наурыз–Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз жыл сайын осы күні адамзатқа әсемдік сыйлайтын әйелдер қауымына ықылас-ілтипатымызды білдіріп, ақ тілек арнауға асығамыз. Сіздердің мемлекет және қоғам өмірінде алатын орындарыңыз айрықша», - деп атап өткендей көктем мезгілімен жарыса жететін бұл күн, әйел азаматтарға қуаныш сыйлайтын ерекше мереке.

Адамзат тарихында әйелдің орны ерекше. Қазақ халқы да, қашанда әйелді айрықша бағалап, шаңырақтың киесі, отбасының берекесіне balаған. Тарихымыздағы есімдері алтын әріппен жазылған асыл аналардың ізін жалғап, олар бүгінде өз биігінен түскен емес. Тәуелсіз еліміздің дамуы жолында аяулы қарындастар мен ардақты аналар еселі еңбек етіп жүр. Қазақ әйелдерінің белсенділігі уақыт өткен сайын арытып, экономикада, мәдениет пен саясатта қажырлы істерімен танылып, қоғамның қозғаушы күші болып келеді. Сіздердің сан салада осындай толағай табысқа жеткендеріңізге біздер куәміз. Қашанда ер азаматтарға жігер, жасампаздық сыйлап, өз биіктеріңізде қалатындарыңызға сенеміз. Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ өмір, бақ-береке тілейміз!

***Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,***
***аудан әкімі.***
***Бегімбет БАЙҒАРАЕВ,***
***аудандық мәслихаттың хатшысы.***

**Құрметті білім саласының ақ жаулықты ұстаздары мен ару қыз-келіншектері!**

Сіздерді 8 Наурыз–Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Сіздердің балаға білім мен тәрбие берудегі еңбектеріңіз ұшан-теңіз болғандықтан, жылына бір тойланатын мерекеде еңбектеріңізді бағалап, сый-құрмет көрсету парызымыз. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының берекe-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, қоғамның белсенді мүшесі. Елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі. Әйел–отбасымыздың ұйытқысы, шаңырағымыздың шаттығы, берекe-бірлігімiздің алтын діңгегі, ұлттық мәдениетіміздің мәйегі.

Әйел-бұл біздің аналарымыз, асыл жарларымыз, біздің қарындастарымыз бен қыздарымыз. Сіздерді айтулы мерекелеріңізбен шынайы көңілден құттықтай отырып, Мәңгілік Еліміздің жарқын істерінің бастаушысы, ұлттар бірлігінің ұйытқысы бола берулеріңізге тілектеспіз. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, баянды бақыт, жұмыстарыңызға шығармашылық табыстар тілейміз.

***Ізгі ниетпен:***
***Н.АЙДАРОВ,***
***Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы.***
***М.ҚАСЫМ,***
***аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасы.***

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Nur Otan партиясының кезектен тыс съезі өтті. Жиында саяси партия атауы AMANAT деп өзгертілді.**



## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# AMANAT-озық ой мен әділдіктің, бірлік пен ілгерілеудің партиясы

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз басында барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтады.

– Біз осындай ынтымақтың арқасында қаңтардағы қиынқыстау күндерде мемлекеттігімiз бен тұтастығымызды қорғап қалдық. Тәуелсіздігімізге төнген қатердің бетін қайтардық. Сын сағатта бірлігін сақтай білген барша отандастарымызға зор ризашылық білдіремін. Ұйымды жаңғырту туралы алқалы жиынның дәл бүгін өтуінің символдық мәні бар. Бірінші наурыз – партияның құрылған күні. 23 жыл бұрын еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланды. Партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырды. Қоғамға пайдалы көптеген бастама көтеріп, сайлаушылардың қолдауына ие болды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы партияның келешегі жөнінде айта келіп, оның бұған дейін атқарған жұмысын ұмытуға болмайтынына, өз ісіне берілген партия белсенділерінің қажырлы еңбегіне құрметпен қарау керек екеніне тоқталды.

Президент еліміздің «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі ауқымды міндетті орындауға кірiскенін мәлімдеді. Алдымызда мемлекетіміздің болашақ тағдырын шешетін аса маңызды жұмыс тұр. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін жаңа мақсат-міндеттерімізді айқындап алуымыз қажет. Партия барлық реформаға ұйытқы болуға тиіс.

-Ол үшін өзгерісті алдымен өзімізден бастауымыз керек. Сондықтан бүгінгі күн тәртібіндегі негізгі мәселе – партияны жаңғырту. Заман, қоғам, адам өзгеріп жатқанда, партияның өзгеруі–заңдылық. Бұл – уақыт талабы. Осыған орай жаңа ғана айтылғандай, саяси ұйымның атауын «Аманат» деп өзгерту ұсынылды. Жасыратын ештеңе жоқ, мен де бұл мәселеге байланысты пікірталасқа қатыстым. Бірнеше ұсыныс болды, соның ішінен «Аманат» деген атауға тоқтадық. Бұл – еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз–міне осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанады. «Аманат» ата-бабаларымыздың келешек ұрпаққа қалдырған өсиеті деген ұғымды білдіреді,– деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

***«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдалып алынды.***

**Созақ аудандық мәслихат**
**ШЕШІМ**
03.03.2022 жыл №16

### Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті он бесінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті он бесінші сессиясы 2022 жылғы 17 наурызда, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

**Аудандық мәслихатының хатшысы Б.БАЙҒАРАЕВ**

### Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті он бесінші сессиясы 2022 жылғы 17 наурыз, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 17 наурызда, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2022 жылғы 17 наурызда, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

1.Аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

2.Аудандық орталық аурухананың атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

3.Шолаққорған, Жуантөбе ауылдық округі әкімдерінің есебі.

4.Жергілікті полиция қызметінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

**Аудандық мәслихат хатшысы Б.БАЙҒАРАЕВ**





# Ақжаулықты әжелерге құрмет көрсетті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Созақ ауданындағы "Бақ нұры" іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелерімен бірге 1 наурыз Алғыс айту күні аналарға құрмет көрсетті. Өмірге көп бала әкеліп, оларды өсіріп, құтты орнына қондырған ардақты аналарға ақ жаулық орамал жауып, естелік сый-сияпат тапсырды. Шолаққорған ауылындағы 10 баланы дүниеге әкелген 86 жастағы Ғайырниса Әдішова мен 96 жастағы Ұрқан Аймұқанбетқызының шаңырағында болды. Ардақты аналар аудан басшысына, ақ баталарын берді.

«Бақ нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова –Наурыз мереке айы. Бүгінгі ерекше күні аудан бойынша барлық ауыл округіндегі 200 алтын құрсақты, батыр анаға орамал жауып, естелік сыйлықтар табыс етеміз,- дейді.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАР БАСТАЛДЫ

Алғыс айту күні — Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған, еліміздің тарихына құрмет көрсетіп, барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын, азаматтардың бір-біріне құрмет білдіретін күні.

Көктемнің алғашқы мерекесі болып табылатын атаулы күн-мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір біріне деген достығы мен махаббатының жарқын символы. Бұл мереке бізді жақындастырып, бірлігімізді нығайта түссін!



1 наурыз-Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Қарақұр ауылдық округы бойынша, Раң ауылының Б.Батырбекова атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің А.Қостаншаева бастаған белсенді қыз-келіншектері ауылымыздың батыр аналарын құттықтап, сый-сияпат табыстады.

* * *

Көктемнің алғашқы мерекесі болып табылатын атаулы күнде – Созақ аудандық полиция бөлімі Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция майоры А.Манапова, Аудандық мәслихат депутаты Есмұратова Гүлшат Есбергенқызы, Созақ ауданындағы «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелерімен бірлесе отырып ардақты аналарымыз Абуова Айбибі, Көрпебаева Әлия, Есмұратова Зерекүл, Жолбарысова Халифаның үйлеріне арнайы барып мерекелік сый-сияпаттар табыстап абзал жандарға алғыстарын білдірді.1-Наурыздың алғашқы мерекесі алғыс айту күні ауданымыздың зейнеткер апаларымызда алғыстары шексіз екендіктерін отбасыларына амандық дендеріне саулық қызметтеріне табыс тіледі.

* * *

Сызған ауылының әкімі Х.Нұртан Ұлы Отан соғысының ардагері, ардагер ұстаз Жылысбаев Мырзахмет қарияның, еңбек ардагерлері Әбдуәлі Баймағанбетов мен Әбдіқадыр Жуасбаевтардың үйінде болып алғыс айту күнімен құттықтап, ауыл әкімдігі атынан сый-сияпат жасап қайтты.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# «Ананың жүрегі-әлемнің тірегі»

**Қадірлі әжелер, аяулы апалар!**

Сіздерді 8 наурыз–Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қай қоғамда болсын әйелдер қауымының алар орны айрықша. Өйткені жер бетіндегі жақсылық, ізгілік пен ұлылық атаулының бәрі де әйел-ананың ақ сүті мен ақ ниетінен тарайды. «Ананың жүрегі–әлемнің тірегі» дегендей, аналар алмайтын шың, бағындырмайтын асу жоқ. Адамзаттың бас иіп, тағзым етер тәңірі де – ана. Оның ұлылығы мен қадір-қасиетіне жетер ештеңе жоқ. Бүгінгі әйел азаматтарының білімбілігі кемел, парасаттылығы биік, мәдениеті өскен, саяси-әлеуметтік белсенділігі жоғары, өркениетті қоғамның лайықты мүшесі. Отбасынан бастап мемлекеттік саясатқа дейінгі қоғамдық өмірдің барлық құрылымында әйелдер араласпайтын сала жоқ. Егемен еліміздің бүгінгі қол жеткізген жетістіктерінің барлығында сіздердің қолтаңбаларыңыз бар. Оны біз әрқашан мақтан тұтамыз. Бүгінде ана мен баланы әлеуметтік қолдау – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Елімізде алтын құрсақты аналардың жағдайын жақсартудың барлық шаралары жасалуда.

Ана мен баланың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру, елдің тыныштығын нығайту міндеттері мемлекет басшысының әрбір Жолдауында нақты көрініс табуда.

Қымбатты аналар, аяулы арулар!

Баршаңызды осы бір тамаша көктем мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт тілеймін. Ана қуанышы, әйел қуанышы– үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Мерейлеріңіз әрқашан үстем, көңілдеріңіз аспандай ашық болсын.

***Маруа ҚАЙЫРЖАНОВА,***
***Аудандық ардагерлер кеңесі жанындағы әжелер алқасының төрайымы.***

# КӨРКЕЙТУ-КӨГАЛДАНДЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖИЫН ӨТТІ

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында көркейту-көгалдандыру, сантитарлық тазалық жұмыстарына байланысты жиын өтіп, оған бөлім, мекеме басшылары қатысты. Жиынды жүргізген аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков 1-31 наурыз аралығында аудан көлемінде «Таза ауыл» эко-акциясы өтетін хабарлады. Шолаққоған ауыл округінің әкімі Әділ Елібаев аудан орталығын көркейту көгалдандыру бойынша хабарлама жасады.



Аудан басшысы барлық ауыл округ әкімдері мен бөлім, мекеме басшыларына, эко-акция аясында тұрғындарға түсіндіру жұмысын жүргізіп, ауыл-аймақты, көшелерді, арықты тазалау, тал көшеттерін егуді ұйымдастыруды тапсырды. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Шолаққорған ауылын 5 секторға бөліп, ондағы жұмысты жүйелеу үшін тиісті бөлім, мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, ауыл, кент округ әкімдеріне де жұмысты ұйымдастыруды тапсырды.

«Тазалық – ортақ іс» ұранымен өтетін эко-акция, барлық ауыл округ кенттерде өткізіледі.

***Аудан әкімінің баспасөз қызметі.***

# Тазалық айлығына белсенді қатысайық!

**ҚҰРМЕТТІ СОЗАҚ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫ!**

Баршаңызды 1-31 наурыз аралығында аудан аумағында өтетін "Таза ауыл" эко-акциясына қатысуға шақырамыз!

Әрбір созақтықтар өзі тұрып жатқан мекеніне деген жауапкершілігін сезініп, жанашырлық танытып, айналасын тазалап, сенбіліктерге белсене қатысса, әрбір ауыл, аула, көше таза да көрікті болары сөзсіз!

Әрбір тұрғын өз аулаңыз бен көшеңіздің тазалығын қамтамасыз ету арқылы көктемді жаңа көрікпен қарсы алуына үлестеріңізді қоса аласыздар!




Эко-акция аясында ауыл, кент округтерде ағаштар отырғызу, үйлердің қасбеттерін сырлау, арық-атыздарды тазалау шаралары ұйымдастырылады.

«Тазалық – ортақ іс» деген ұстаныммен барлықтарыңыз туған жеріміздің тазалығына үлес қосады деп сенеміз!

Баршаңызды 1-31 наурыз аралығында өтетін "Таза ауыл" эко-акцияға, тазалық айлығына белсене қатысуға шақырамыз!

***Созақ аудан әкімінің аппараты.***



# Ғасыр жасаған ғаламат жан

Керімбекова Сырғакүл апа 1920 жылы 18 қаңтарда Созақ ауылында дүниеге келген. Созақ ауылындағы мектепте 1 сыныптан 9-шы сыныпқа дейін оқып білім алады. Содан кейін Созақ ауылында бухгалтерлік курста оқып мамандық алады. Бірнеше жылдар Созақ, Қаратау ауылдарында есепші болып жұмыс жасайды. Арада жылдар өте Қарақұр ауылының азаматы Иманбеков Орманға тұрмысқа шығады. Сөйтіп Қарақұр ауылында кеңседе, ауылдық клубта жұмыс жасайды. Апамыз совхоз кезінде белсенді жұмысшы болып қой қырқымда, сақманда, түрлі науқандық жұмыстардың ортасында жүреді. Сырғакүл апаның төрт ұл, бір қызынан 15 немересі, 25 шөбересі, 7 шөпшегі бар.

***Ордабек ЖАМИЕВ,***
***Қарақұр ауылының әкімі.***

# Шынайы ризашылығымды білдіремін

Газет ауданымыздың айнасы. Осы айнада барлық жақсы, ізгі нәрселер жарқырап көрініп тұрады. Жүрекжарды қуаныштар мен жағымды жаңалықтардың жаршысы болғандықтан ауданымыздың төл басылымына үздіксіз жазылып келемін. Менің айтар ойым осы бір парақ қағазға сиғанымен, көңілге сияр емес. Ауданымыздағы ақ желеңді дәрігерлер қауымына деген ризашылық лебізімді білдіргім келеді. 2022 жылдың ақпан айының аяғында жұбайым Мухиев Жәнібек аудандық емханаға барып қаралды. Жұбайымның денсаулығына байланысты осы аурухананың дәрігерлеріне қаралып, емделді. Ауданымыздың қолы шипалы, жүрегі мейірімге толы дәрігерлер қауымына, атап айтқанда Таңатарова Меруертке, Гүлзейнет Елімбековаға, кіші медқызметкер Сыздықова Нұржамалға отбасым, балашағам және өз атымнан ризалығымды білдіремін. Аталмыш дәрігерлер алдына келіп отырған қаралушылардың бәрімен шынайы түрде түсіндіріп (жылжыта салмай анда бар,мында бар деген сияқты) тіл табысуға тырысуы, қаралушылардың жүйкесін жұқартпай кабинет алдына өзі шығып тұрып реттейтін кішіпейілділігі, жағдайыңды түбегейлі мұқият түсіндіріп үйлеспеген жағдайда телефон соғып тіпті ере жүріп көрсетіп жіберуге тырысатын қарапайымдылығы және өте білімді де,сауаттылығына риза боласың. Аурухананың ішіндегі қым-қуыт тірліктеріне қарамай әрбір қаралушының жан жарасын түсініп, бәйек болып жүрген тірліктеріне "көзің ашылып" риза боласың, кабинеттеріне кіргеніңде, түсіндіргендеріне, өзіңе жандары ашып тұрғанын сезінгенде алдағы күнге деген үміт отын жағысады. «Өздері ұқыпты, әрі инабатты екен!» деген үлкені мен кішісі аралас қаралушылардың өзара әңгімелесіп отырғанын байқауға болады. Әрине, шын пейіліммен барша дәрігерлер қауымына зор денсаулық тілей отырып, алар асуларыңыз асқақ, бағындырар белестеріңіз биік болуына тілектеспін дегім келеді. Халықтың жүрегіне жылу ұялатып, дертіне шипа, көңіліне медеу бола алғаныңыз үшін алғыс айтамын! Аман жүріңіздер!



***Алғыс білдіруші,***
***қаралушының жұбайы***
***Жансұлу ҚУАНЫШБАЕВА,***
***Сарыжаз ауылы.***

# Екі ғасырдың куәсі болған асыл ана



Дүйсет Қалаубаева – 1919 жылы дүниеге келген екен. Ал құжаты бойынша 1920 жылы туылған. Дүйсет апаның өз айтуынша жас шағында бала болып ойнап күлердей қызықты өмірі болмаған. Ол заманда барлығында сондай болды, қиын қыстау кездер еді деп, еске алады,- дейді Таукент кентінде тұратын қызы Әсем.

Дүйсет апаның әңгімелеуінше ол кезде 4 колхоз болған екен, соның «Қуйбышов» колхозында балалық шағы өткен. 1932 жылғы ашаршылықты да көрген. Тойып тамақ ішіп, бала болып ойнағанды білмеген екен. Ата-аналарына көмектесіп мақта теріп, шөп жинайтын болған екен.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, соғысқа ер азаматтарды алып кетті. Ауылда соғысқа жарамағанымен еңбекке жарайтын бірлі-жарым ер кісілер, балалар мен әйел азаматшалар қалған. Сол кездерде қыз-келіншектерді пәуеске келіп Шолаққорғанға апарып оқытып, соғысқа дайындық жасап, мылтық атуды, оқтан қалай қорғануды және окоп қазуды үйреткен.

-«Қуйбышов» колхозының Ақназар ауылына барып мақта егіп, оның шөбін шауып, суарып, күзге қарай жинаймыз. Азанда кетіп кешке келеміз. Күзге қарай егіндерді жинап болған соң оны оншақты қыз-келіншек жиналып бидайды азық-түлік есебінде және қойдың жүнін апарлымыз ұршықпен иіріп жіп етіп шұлық, қолғап, жемпір тоқып оларды есекке артып алып, тау бөктерлеп жолай Жыныс елді мекеніне келіп әйтеуір құдайы қонақпыз дегенге есігін ашқан бір үйге түсіп бір күн қонып, сонан соң ертесіне тағы да тауды бөктерлеп Ащысайға барып елден жиып барған заттарымызды майдандағы жауынгерлерге көмек ретінде жүк таситын теплоэоз вагондарына өткізіп, елге қайтатынбыз.

1942-1943 жылдары соғысқа қыз-келіншектерді алып кетуге пәуеске келді. Содан менің шешем Басбұлақ ауылында тұратын. Нағашым Тұржан атамның үйіне бір түнде апарып тастады. Нағашымның үйінде тұрып жатып сол ауылдың Ыбырайым деген азаматына тұрмысқа шықтым. Содан азаматымыз екеуміз бірлесіп колхозда түрлі жұмыстар істеп жүріп үй болдық. Келер жылы көктемде бірінші баламыз дүниеге келді. Сол кезде жолдасым баласының есімін ісіміз алға бассын деп Оңалбек деп қойды. Одан кейін қызым Зәрекүл, Зәуре, Әсем, Лесбек дүниеге келді. Біз бір әулиде ағайынды алты үй тұрып жаттық. Балаларымызды атажелерімізге тастап таң ата жұмысқа кетіп, шөп орып, оны жинап арбаға артып Топтамға апарып өткізіп, кеш бата үйге қайтатынбыз. Кеш болса да келісімен балаларымызды тамақтандырып, барлығын жатқызып, түнімен жүгеріні диірменге тартып, көже істеп, кірлерімізді жуыпшайып бірақ жататынбыз.

Расында бұл кісі тылда қажырлы еңбек еткен. Сол қажырлы еңбектерінің куәгері ретінде кеудесінде сыңғырлаған «Еңбек ардагері», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл», ІІ-дәрежелі «Ана даңқы» медалдары қазақ әйелдерінің рухты бейнесінің куәсі бола алады. Ұлы Отан соғысының азапты күндері мен түндерін көрген апаға әруақытта көрер қуанышы көп бола берсін демекпіз.

ХХ ғасырдың аласапыранынан аман қалып, аңсаған Тәуелсіздіктің ақ таңын көрген әзіз аналардың тілеуі бір. Ол-елдің бүтіндігі, жұрттың амандығы, ұрпағының саулығы. Ана жүректің дұғатілектері бізді желеп-жебеп жүргені де анық. Ғасыр жасаған ғұмыр ғибратынан осыны ұқтық.

***Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.***

# ЖҮРЕКТЕГІ ЖЫЛЫ СӨЗ



Талай жандарға құшағын айқара ашып, өз қамқорлығына алған Қазақстанда адамның бір-біріне құрмет көрсетіп, алғыс айтатын ерекше күн бар. Яғни, 1 наурыз – елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орныққанының салтанатты күні.

Бірі Қазақстанға кезінде тағдыр тауқыметімен келсе, енді бірі отбасы бақытын іздеп келген түрлі этнос өкілі жетерлік. Бүгінгі мақалаға өзек болып отырған 1950 жылы Ресейдің Владивосток қаласында дүниеге келген Попонина Людмила Федоровна. Владивосток қаласына әскери борышын өтеуге барған Найманбаев Жарас көкеміздің жүрегінен жол тапқан орыс қызы 1972 жылы Құмкент елді мекеніне келін болып түседі.

Алғашқы жылдары қазақтың тілін, салт-дәстүрін меңгеру қаншалықты қиын болса да барлық қиындықтарды жеңіп шығуға тырысады. Сонау өткен жылдарына көз жүгіртіп, сыр шерткен Люда апа барлық балаларына, шалалығына кең пейілдік танытып үйретуден жалықпаған енесіне, әулетіне, көрші-қолаңына дән риза. Өз қызындай көрген ата-ене қамқорлығы болар туған еліне ат басын бұрған емес.

«Қарап отырсам, 3 ұл, екі қыз баланы дүниеге әкелдім. Олар қазақи тәрбие алды. Бір кездері тағдырымды Жарас көкеңе тапсырсам, ол кісі осыдан он жыл бұрын үлкызды маған тапсырып кете барды. Уақыт зырғып өтіп жатыр. Бүгінде барлығы бір-бір шаңырақтың иесі. Қазір 22 немере, 3 шөбере сүйіп отырған жайым бар».

Бүгінгі күніне шүкіршілік айтқан Люда апамыз елімізде тек бейбітшілік болуын тілей отырып, еліне ризашылығы мен алғысының шексіз екендігін жеткізді.

Ия, тілі бөлек болғанмен тілегі бір, ұлты өзге болғанмен жүрегі бір Қазақстанның көп этносты халқының достығы нығайып арта берсін. Бір-бірімізге қамқорлығымыз бен жылы сөзімізді аямайық. Береке, бірлігіміз, татулығымыз арта берсін!

***Маржан НҰРМАҒАНБЕТОВА,***
***штаттан тыс тілші.***
***Құмкент ауылы.***

# Ынтымақ ұлы мақсатымыз болды

Мен В.И.Ленин атындағы мектепті қатарластарыммен бірге оқып бітірдім. Созақ ауылын білесіздер қазақ, өзбек ағайынның балалары араласып оқиды. Бірге ойнайды. Бірге жүреді. Біз бірімізге біріміз «сен пәлен ұлтсың» деген сөзді айтқан емеспіз. Біте өскен бауырдай болып өстік. Өйткені отбасында баршасының бір ғана тәрбие болды. Ол бірінші кезекте білім алу, екінші кезекте сол білімді ұштастырып жоғары оқу орнына түсу керек деген мақсат тұрғысында алдымызда арман асуы тұрды. Директорымыз Қошан ағай. Сол жылы мектеп бітірдік. Қоштасарда ағайларға арнап галстук, одеколон, кітап сыйладық. Кластастарым Алиакбар Имашов, Шалбай Елғондиев, Жарас Ермекбаев, Шекербек Мүсәлімов, Еркін Жұманов, Гүлбақ Бейсенбиева, Нұрмағанбетова Ұлтай Жақсыбергенова Қатира, Шериязданова Тұрғанкүл, Мұқанова Мария, Әлсаева Тұрғанай, Батырбекова Мәрияш және тағы басқа қыз-жігіттер болды. Бірінші класта бізге Сатыбалдиев Манабай ағай берді. Көкем мен Тұраш ағай екеуі әлде бір әңгімені айтып отырғанын естіп қалдым. Класта Тасболатов деген парторгтың қызы екеуіміз әлденеге келіспей қалыппыз. Тұраш ағай көкеме әзіл-шыны араластырып: «Екеуінің қайсысына жақтасатынымды білмеймін. Зағипаға ұрсайын десем директордың қызы, Зәуреге ұрсайын десем парторгтың қызы» деп әзілдеп отыр екен. 3-4 класта бізге Саруша апай сабақ берді. Сол жылы жаңадан үй салып жатыр екен. Жолдасы Әлайдар ағай мектепте завуч. Еңбек сабағында балаларды сапқа тұрғызып, үйіне апарып кесек аудартады. Аударып болған соң қайта сапқа тұрғызып мектепке келіп, басқа сабаққа дайындаламыз. Бұл баланы еңбекке тәрбиелеудің бір түрі ғой деп ойлаймын. Маған үйіңе барған соң көкеңе айтпа деп тапсырады. Біз қалай айтамыз? Ағай, апайымыздың айтқаны заң. Заңның алдында жауап береміз деп ойлаймыз. Қазіргідей емес 6-шы класта Талапты ауылына барып бұршақ тереміз. Бригадир көкеміз Көлшікбай. Түсте түскі ас, қауын қарбыз. Емін еркін жейміз. Ортада көл-көсір нан. Ауылшаруашылығы жұмыстарына көңілді барып, көңілді қайтамыз. Еш жеріміз ауырмайды. Одан соң Көктөбе мен Созақтың ортасында жүгері дақылдарын еккен. Бір күндері сол жүгеріні собығынан аршимыз. Собықты Созақтағы Әбілқайым көкемнің қоймасына апарып төгеді. Ол жерде жем дайындайды. Халыққа осы жерден мал азығын дайындайды. Қойманың қасында шағын магазин бар. Ол магазинде Теберік апам сауда жасайды. Теберек апам Рүстем атамның Сәрсенкүл деген қарындасынан туған. Өскен ағайдың Нұржамалы осы кісінің қызы. Айжамал, Нұржамал, Тойжамал деген қыздары болатын. Оқушыларды ол уақытта сегізінші кластан бастап мақта терімге апарады. Төрткүл, Ихан деген мақта егетін екпелі аймақтарға апарады. Кешке дейін ерінбей мақта тереміз. Түскі ас қауын-қарбыз. Көлкөсір. Жауын шашынды күндері магазиндерді аралап қайтамыз. Кейін жоғары оқу орнына түскенде институтта да мақта терімге апаратын. Онда аспазшы қыздармен бірге декандарға ас дайындайтынбыз. Дархан деген 3 курс қызымен асханада ас дайындадық. Дархан Қаһар ағайдың жолдасы. Спатаев атындағы мектеп интернатының директоры болған. Күнде бір қой сойылады, ішек-қарындарын, басын сол маңдағы тұрғындарға таратып береміз. Олар мәз-мейрам болып қалады. 3 күн сайын еңбек ақымызды беріп тұрады. Соны жинап өзіме киімкешек алып қайттым. Келген соң Мәркен әпшеге келіп костюм юбкаға тапсырыс бердім. Берген ақшамды алмай тегін костюм юбка, көйлектер тігіп берді. Мен болсам мәз мейрам болып қайттым. Мәркен әпкемнің маған деген ықыласын, бауырмалдығын, туысқанға деген сезімін ұдайы біліп жүретін едім. Кейін Алматыға келгенде жиі араласып тұрдым. Жақынырақ көбірек араласатын достарым, Тұрғанай, Ұлтай, Қатира. Әсіресе Тұрғанай- Кәріш ағайдың қызы. Үйіне барғанда әкесі Кәріш көке «қызым қыздардың қандай екенін терезесінің әйнегінен белгілі болып тұрады. Терезені жалтыратып сүртіп қойсай, Е, мына үйдің қыздары, еңбекқор екен ғой деп ойлайды. Терезені жалтыратып сүртіп қойыңдар!» деп отыратын. Шекер апамыз өте жақсы сыпайы кісі еді. (Тұрғанайдың анасы). Мектептің қасында тұратын Қуандықова Жәмила және Бибіраба достарымның үйіне жиі барамыз. Әсіресе, қоңыраудың арасында су ішуге барамыз. Аналарымыздың жапқан тандыр нандарын айтсайшы. Бибіраба досымның анасы ерте қайтыс болды. Бибіраба інісі Шаншар, әкесі Оспан атамен бірге үшеуі тұрды. Бибіраба жастай басынан барлық қиыншылықты өткізді. Қолынан келмейтіні жоқ. Тамақтың түр түрін жасайды. Тандырға нан жабады. Наны өте дәмді болатын. Қатира өте пысық. Жазған жазуы баспадан шыққандай болады. Тетрадттары аппақ жалтырап тұрады. Сиясы болса жаңа сия болған соң жалтжылт етіп тұрады. Біз қызыға қараймыз. Сөйтсек ол (Потребсоюздың) Тұтынушылар одағының бастығының қызы екен ғой. Үйіне барғанда анамыз Хадиша апаның әдебі мен инабаттылығына таң қалатынбыз. Сөйтсек хадиша апа қожаның қызы екен ғой. Шай құйып отырғанда немесе көкеме шайды құйып ұсынғанда төмен қарап отырып ұсынатын. Көкеме тіке қарамайды. Үйінде айқай шу, қатты сөйлеу деген болмайды. Сабақтан бос кезінде Марат ағайдың Рая деген қызын тік көтеріп алақанына салып жүреді. Ағай ол кезде Алматыда медицина институтында оқиды екен. Біз ол жағын білмейміз. Жас болған соң көп нәрсеге көңіл бөле бермейді екенбіз. Көршіміз Аманкүл Жұманазаровамен жақсы араластық. Анасы Мінасар мен менің анам Шырынкүл екеуі сырлас еді. Аманкүл 11 жылдықты бітіргенімізге 50 жыл толуына орай өткізілген кездесуге келді. Денсаулығына байланысты көп отыра алмай ерте кетіп қалды. Мен Ұлтайдың жолдасы Аманбайдың үйінде отырғанда кешкісін звандады. «Үйге келсей әңгімелесейік» деп. Сол күні кластастарым Смайылдар «қонақ болып кет» деп олар да шақырып кеткен. Мен Аманкүлге «келесі жолы келемін» деп бара алмадым. Келесі жылы өмірден өткенін естіп өкініп қалдым. Өмір деген осы екен ғой. Шерхан атамыз айтқандай «Бір кем дүние ай!» Біз түнгі сауық кеші дегенді білмей өстік. Егер сауық кешін ұйымдастырсақ мұғалімдеріміз естіп дереу барған жерімізден тарқатып жібереді. Көбіне «қыз жиды» болады. Зылихамен де көп араластым. Зылиха совхоз директоры Абдраманов Балтабай көкенің қызы, врач болып істейді. Қазір Алматыда тұрады деп естідім. Зылиха мен Аманкүл, Қатира мен Зылиха, Жамила мен Қатира қыздар осылай достасады. Екі қыз дос болса екі жақтан 20-30 қыз ертіп барады. Қызжиды да өзбек ағайынлардың музыкалық аспаптары ойнайды. Екі қызды билеп жүріп құшақтастырады. Сосын барлық қыздар билеп ойнап болған соң киттерін кигізеді. Еріп барған 20-30 қызға әтір сабын, әтір, бет орамал таратады. Ол уақыттағы қыздардың достықтары осылай жалғаса беретін. Біз сол ауылы аралас, қойы қоралас жатқан бір ауылда ғұмыр кештік. Біздің тек ынтымақ ұлы мақсатымыз болды.



***Зағипа ТҰРСЫНҚЫЗЫ,***
***Алматы қаласы.***

# Аналар әлемінің шырақшысы

Ана деген баланы өмірге әкеліп қана қоймайды, оны асырап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жетілдіреді. Жаратушыға тән бойында өмірге әкелуші, тудырушы, туындатушы аналардың қамқорлығынсыз, шексіз мейірімге толы аналардың махаббатынсыз бұл әлемнің кескін-келбетін елестетудің өзі де қорқынышты. Біз осы жолы қазақтың, тіпті арғы түрік дәуіріндегі қыз-келіншектердің тарихтағы өзіндік ерекшелігі, жалпы жауапкершілік деңгейі, қоғамдағы әлеуметтік орны қандай еді дегенге тарихи деректер негізінде қысқаша жауап беруді мақсат тұтып отырмыз. Парсылардың патшасы Кирдың қан толы ыдысқа басын салған сонау Тұмар, Зариналардан бастап, Бопай ханымға дейін, тіпті одан да бері Әлия мен Мәншүк, Хиуаз Доспановадай аналарымыздың жауынгерлік ерліктері жас толқынға аңыздай көрінеді. Жақында, Серегин Н.Н, Тишин В.В. есімді қос ғалымның «Орталық Азиядағы түріктердің әлеуметтік тарихы» атты тамаша ғылыми еңбегі жарық көрді. Сонда байырғы түріктердің әйелдерінің әлеуметтік статусы туралы арнайы бөлім бар. Кітапта шешелеріміздің әскери өнерге өте жетік болғандығы көптеген нақты деректермен сипатталады. Әйгілі «Баба Қорқыт туралы кітапта» да әйел адамның шапшаңдығы, шабандоздығы, батырлығы, жауынгерлігі үлгі тұтылатындығы аңғарылады. Қытай деректерінде ежелгі түріктердің дәстүрінде тұрмыстағы әйелмен қарым-қатынасқа түскен адам өлім жазасына кесілетіні, ал басы бос бойжеткенмен байланысқан ер адам айыппұл төлеп, соған үйленуге мәжбүрленетіні жазылған. Бұл да әйел затының абыройын қорғауға, ар-ұятты аттамауға негізделген заң болса керек. Біз мұны көшпелі бабаларымыздың ар-ұятты бәрінен биік қоятын асыл тектілігін аңғартатын дерек деп білеміз.Археологтардың зерттеуінше, ерлер мен әйелдердің жерлеу орындарында айтарлықтай еш айырмашылық бола бермейді, тек онда қойылатын заттарда ғана ерге және әйелге тән өзгешеліктер кездеседі. Бұл да әйелдердің ер кісілермен тең дәрежедегі әлеуметтік жағдайын айшықтайды. Меркі жеріндегі көне түріктерге тән тас мүсіндердің басым бөлігі әйелдерге қойылғанын археолог Айман Досымбаева өз еңбектерінде дәйектеп жазды. Ал бәдіз тастар мен балбал тастар өз отбасына ғана емес, қоғамға ықпал еткен ірі тұлғаларға белгі ретінде қойылғанын ескерсек, оңтүстік өңірде әйелдерден билік өкілдері жиі шыққанын аңғаруға болады. Егер әйел кісілердің орны төмен болса, Айша бибіге, тіпті оның күтушісі, кейін шырақшысы болған Бабаджа хатунға кесене тұрғызылар ма еді? Марко Полоның жазбаларында Қайду ханның Айжарық деген батыр қызы болғаны туралы арнайы жазылады. Айжарықтың батырлығы сонша, онымен жекпе-жекте ешкім шақ келмейді екен. Небір батырлардың тауаны шағылып, рухы түсіп қайтады деседі. Ал өзі болса, «Әке, мені жекпе-жекте жеңген жігітке ғана тұрмысқа шығамын» деп шарт қойыпты. Әкесі соған келісіпті. Бірақ ешкім де алысқанды алып жығар, құралайды көзге атқан мерген қыздан асып түсе алмаған. «Бірде бір ханның өте көрікті ұлы, абыройы асқақ ханзада да келіпті. Қайдуханға да ол ұнаса керек. Әкесі «өтірік жеңіліп қала сал» дегенді ишаралап жеткізіпті. Айжарық оны да жеңіп шығып, жігіт меселі қайтып еліне оралыпты. Ақыры қызының жасы ұлғайып, оң жақта ұзақ отырып қалған соң өзінің бас қолбасшысына қосқан екен» дейді Марко Поло. Ертегілерде батырлар сынға түсіп, сүйгеніне қол жеткізу жолында не бір қиындықтарда өтеді емес пе? Бұл да сол ертегілерді еріксіз еске түсіреді. Қарап тұрсаңыз, қай ата-ана өз баласының жаман болғанын қалайды. Қайдуханның қызына таңдау жасауға ерік бергенін, сонымен бірге болашағына алаңдаған қамқорлықты көреміз, жалпы қыз балаға ерекше құрметті аңғарамыз. Кейінгі қазақтарда жаумен кескілескен шайқас аяқталған соң аналарымызды атқа мінгізіп, ер кісіше киіндіріп, көкпар тартқызған екен деген әңгіме бар. Бұл жаудың психологиясына әсер етіп, «мыналар демалудың орнына шаршамай көкпар тартып жатыр» деген ой тудырып, үрейін ұшырған. Келесі шайқаста жау жағы міндетті түрде жеңіліске ұшырайды. Өйткені, бойларын билеген үрейден айыға алмай рухы түседі. Мұның бәрі де шешелеріміздің ел мен жерді қорғаудағы жауапкершілікті ерлермен тең дәрежеде арқалай алғанын көрсетеді. Кеңес Одағы кезіндегі екінші дүниежүзілік соғыста бауырлас халықтардың ішінде, жалпы Орта Азияда Әлия мен Мәншүктей батыр қыздар қазақтан ғана шыққан екен. Неге? Себебі, ел мен жерді қорғау қанында бар қасиет еді. Байырғы түріктерде де, кейінгі қазақтарда да көп әйел алу дәстүрі болды. Бұл әйел затын кемсіту, төмендету емес, олардың әлеуметтік жауапкершілікті түсініп, демографиялық мәселелерді бірлесіп шешіп, болашақ әскер дайындау ісіне ат салысуы іспетті. Мысалы, қаптаған қытайға қарсы селдіреген аз санмен соғысу–қиыншылықтың қиыны. Біздің осы күнге дейін құрып кетпей сақталып қалуымыз да сол әменгерлік тәрізді жесірін жылатып, жетімін қаңғыртпайтын әлеуметтік дәстүрлердің арқасы болар. Жоғарыда айтқанымыздай, батыр аналар ғана емес, Жиреншенің өзіне қысылғанда жол тауып беретін Қарашаштай ақылды шешелер, әйгілі Біржан салмен тізгін қағыстырып айтысатын Сарадай ақындар туған қазақ еліне небір талантты қыздар өмірге келеріне бек сенімдімін. Тек батыс жақтан келіп жатқан шектен тыс бейәдептік пен шығыстан келіп жатқан шектен тыс тұмшалау, шектеулерден сақ болсақ деймін.

Қайран, шешелерім-ай, аңқылдаған аналарым-ай. Сәл жақсы жаңалыққа жүрегі жарылардай шексіз қуанатын, сәл ауыртпалыққа жүрегіне салмақ сала уайымдайтын басқа тағы кім бар екен? Мәшһүр Жүсіп «Расында да, Адам мен Хауа-Ананы Құдай жаратты. Бірақ одан туған баланы Құдай жаратқан жоқ» дейді. Бізді жаратқан шешелерімізге мың да бір тағзым!

***Дамира ТИЫНДЫҚОВА,***
***Созақ аудандық мемлекеттік архивінің архивисті.***

№18 (8996)
СЕНБІ
5 наурыз, 2022 жыл



SOZAQ ÚNI

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының**
**ШЕШІМІ №87**
Шолаққорған ауылы 4 наурыз 2022 жыл

## Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі әкімін сайлау үшін Жуантөбе ауылдық округінің шекарасы аумағында Жуантөбе сайлау округі құрылсын.
2. Сайлау округінің шекарасы мен аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері аудандық «Sozaq uni» газетінде және Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет сайтында жариялансын.

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы** **Ә.Сахиұлы**

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы** **Р.Оспанов**

**РЕШЕНИЕ №87**
**Созакской районной избирательной комиссии**
село Шолаккорган 4 марта 2022 года

## Об образовании избирательного округа по выборам акима Жуантобинского сельского округа Созакского района

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Созакская районная территориальная избирательная комиссия **РЕШИЛА:**

Образовать избирательный округ по выборам акима Жуантобинского сельского округа Созакского района:

Опубликовать в интернет-странице Созакской районной избирательной комиссии и в районной газете «Sozaq uni», границы избирательного округа и местонахождения территориальной избирательной комиссии.

**Председатель Созакской районной территориальной избирательной комиссии** **А.Сахиұлы**

**Секретарь Созакской районной территориальной избирательной комиссии** **Р.Оспанов**

## 2022 жылдың 3 сәуіріне тағайындалған Жуантөбе ауылдық округі әкімінің тікелей сайлауын өткізуге Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары және орналасқан жерлері

**Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы**
***(Созақ ауданы мәслихатының «Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» 10.01.2019 жылғы № 219-35 VI шешімімен бекітілген.)***
Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №5 ғимарат, «Мыңжылқы» мәдениет сарайы. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының телефон нөмері: 8 (725 46) 4 28 04.

| Р/с | Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты | Туылған күні, айы, жылы | Ұлты | Білімі, мамандығы | Жұмыс орны, атқаратын қызметі | Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сахиұлы Әбубәкір | 13.12.1953 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, зейнеткер | ”Ардагерлер ұйымы” Созақ аудандық филиалы” |
| 2 | Мыңжасар Асқаров | 17.02.1945 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары, зейнеткер | ”Нұр отан” партиясы” |
| 3 | Оспанов Руслан Әлиұлы | 07.08.1992 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы | ”SENIM денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы”” |
| 4 | Бабиев Аманкелды Абибуллаевич | 14.07.1973 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Байтұрсынов» атындағы жалпы орта мектебі директорының шаруашылық іс жөніндегі орынбасары | ”Ауыл” партиясы |
| 5 | Айдаров Нұралы Тұрдыұлы | 06.08.1977 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы | Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті |
| 6 | Избалаев Бекберген Сатыбалдиевич | 04.04.1960 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Жұбанов» атындағы саз мектебінің директоры | ”Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы” қоғамдық бірлестігі”” |
| 7 | Сармантаев Жетилген | 22.08.1954 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, зейнеткер | ”Ақжол” демократиялық партиясы |

| қ/с | Сайлау учаскесінің нөмірі | Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және мекен-жайы | Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы Орналасқан жері Елді мекені | Көше | Үй | Сайлау комиссиясының құрамы, қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 2 | 715 уск | Жуантөбе учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің ”С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Жуантөбе ауылдық округі Жуантөбе елді мекені | Б.Достайұлы | 35 | Қырқымбаева Қызжан Ақбердіқызы–комиссия төраға орынбасары “Ақжол” демократиялық партиясы<br>Әділова Дана Дәуітіқызы- комиссия хатшысы “ADAL” саяси партиясы” қоғамдық бірлестігі<br>Ерубаев Актай Мухтарович – комиссия мүшесі Қазақстанның халықтық коммунистік партиясы<br>Әбілда Шәмшат Жұмаліқызы–комиссия мүшесі “Созақ аудандық әйелдер кеңесі” қоғамдық бірлестігі<br>Дүйсебаева Галия Мамырбекқызы – комиссия мүшесі “Ауыл” партиясы<br>Шаймерденов Қайсарбек Отенбаевич – комиссия мүшесі “Созақ аудандық Желтоқсан ардагерлері” қоғамдық бірлестігі |
| 2 | 716 уск | Қоңыратарық учаскесі Ауылдық клуб | Жуантөбе ауылдық округі Жуантөбе елді мекені | Ә.Жақсыбаев | 31 | Оспанов Нұрбол Николаевич-комиссия төрағасы “Нұр отан” партиясы<br>Толенов Алтынбек Токсейтович-комиссия орынбасары “Ақжол” демократиялық партиясы<br>Касимов Кайрат Алханович-комиссия хатшысы “ADAL” саяси партиясы” қоғамдық бірлестігі<br>Кәріпбай Сәкен Әбиұлы– комиссия мүшесі Қазақстанның халықтық коммунистік партиясы<br>Әйнекбай Рахымбердіұлы-комиссия мүшесі Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті |

***Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.***

# ХАБАРЛАНДЫРУ

## Жуантөбе ауылдық округі аумағындағы сайлау учаскелерінің шекаралары

| Сайлау учаскесінің № | Орналасқан жері | Шекарасы |
|---|---|---|
| № 715 сайлау учаскесі | Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе елді мекені, Б.Достайұлы көшесі, №35 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Жуантөбе елді мекені, Абылайхан, Ә.Жақсыбаев, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Б.Достайұлы, Ж.Қаламбаев, Қ.Омарұлы.көшелері. |
| № 716 сайлау учаскесі | Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе елді мекені, Ә.Жақсыбаев көшесі, №31 ғимараты, ауылдық клуб | Қоңыратарық елді мекені. |

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ШЕШІМІ №88**

Шолаққорған ауылы 4 наурыз 2022 жыл

# Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің сайлауы 2022 жылдың 3 сәуіріне тағайындалсын.
2. 2022 жылғы 3 сәуіріне тағайындалған Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет сайтында және аудандық «Sozaq uni» газетінде жариялансын.

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Ә.Сахиұлы**

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Р.Оспанов**

**РЕШЕНИЕ №88**
**Созакской районной территориальной избирательной комиссии**

село Шолаккорган 4 марта 2022 года

# О назначении выбора акима Жуантобинского сельского округа Созакского района

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Созакская районная территориальная избирательная комиссия **РЕШИЛА:**

Назначить на 3 апреля 2022 года выборы акима Жуантобинского сельского округа Созакского района.

2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выбора акима Жуантобинского сельского округа Созакского района, назначенных на 3 апреля 2022 года, согласно приложению к настоящему решению.
3. Опубликовать настоящее решение на интернет-странице территориальной избирательной комиссии Созакского района и в районной газете «Sozaq uni».

**Председатель Созакской районной территориальной избирательной комиссии А.Сахиұлы**

**Секретарь Созакской районной территориальной избирательной комиссии Р.Оспанов**

*Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 4 наурызындағы №_88_шешіміне қосымша*

## 2022 жылдың 3 сәуіріне тағайындалған Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округінің әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Аудандағы ауылдық округтің әкімінің (бұдан әрі – әкімінің) сайлауын тағайындау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде қырық күн бұрын (113-1-б.2,3-т.)
2. Сайлау округінің тізімін, олардың шекаралары мен аумақтық сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен – 2022 жылдың 14 наурыздан кешіктірмей (22-б.)
3. Аумақтық сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен - 2022 жылдың 14 наурыздан кешіктірмей. (13-б. 4-т.)
4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен – 2022 жылдың 19 наурыздан кешіктірмей. (17-б. 2-т.)
5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тиісті әкімдер. Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде, 2022 жылдың 19 наурыздан кешіктірмей (23-б. 5-т.)
6. Әкімдікке кандидаттар ұсыну
Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар. Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен – 2022 жылдың 5 наурызынан басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда2022 жылдың 18наурыз күні жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. (113-3-б.1-т.)
7. Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. (4-б.,113-5-б., 11-т.2-тт.)
8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Әкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.)
9. Әкімдікке кандидаттарға өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру9
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Кандидаттың Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)
10. Әкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы паспорт қызметтерінің қызметкерлерін тарта отырып. Қол қою парақтары аудандық аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде. (113-4-б. 7-т.)
11. Жергілікті атқарушы органдардың шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізуі
Әкімдікке кандидатттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін)
Кандидат тіркелгенге дейін (113-5-б. 2-т.)
12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну(2022 жылдың 1 наурыздағы жағдай бойынша)
Кандидат пен оныңжұбайы (зайыбы). Партиялық тізім тіркелгенге дейін (113-5-б. 3-т.)
13. Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру
Мемлекеттік кіріс органдары. Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 4-т.)
14. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен он күн бұрын – 2022 жылдың 23наурыз күні жергілікті уақытпен сағатон сегізде аяқталады. (113-5-б.)
15. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)
16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру
Жергілікті атқарушы органдар және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)
17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу
Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күні – 2022 жылдың 1 сәуір күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)
18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттарменолардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Жергілікті атқарушы органдар және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)
19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну
Тиісті әкімдер. Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын– 2022жылдың 14 наурыз (24-б. 5-т.)
20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну
Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда – 2022 жылдың 19 наурыз (26-б. 1-т.)
21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету
Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен – 2022 жылдың 23 наурыздан кешіктірмей (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)
22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын– 2022 жылдың 31 наурыздан бастап 2 сәуірден кешіктірмей (37-б. 3-т.)
23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау
Учаскелік сайлау комиссиялары
Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда. 2022 жылдың 3 сәуір күні сағат 06:00-де (40-б. 1-т.)
24. Дауыс беруді өткізу
Учаскелік сайлау комиссиялары. Сайлау күні, 2022 жылдың 3 сәуір күні жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін. (38-б. 1-т.)
25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау
Учаскелік сайлау комиссиялары. 2022 жылдың 3 сәуір күні жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады (18-б. 8) т., 43-б.)
26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу
Учаскелік сайлау комиссиялары.. Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)
27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды тиісті аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну
Учаскелік сайлау комиссиялары. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу (113-8-б. 1-т.)
28. Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен – 2022 жылдың 5 сәуірден кешіктірмей (113-10-б.)
29. Әкімдерді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен – 2022 жылдың 6 сәуірден кешіктірмей (44-б.)
30. Сайланған әкімдерді тіркеу, тиісті куәліктер беру
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау өткізілген күннен бастапжеті күн мерзімде - 2022 жылдың 9 сәуірден кешіктірмей. Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін (45-б., 46-б. 3-т, 113-11-б. 1-т).

***Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.***

* * *

*Утвержден к решению Созакской районной территориальной избирательной комиссии от 4 марта 2022 года№88*

## КАЛЕНДАРНЫЙ ПЛАН основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима Жуантобинского сельского округа Созакского района назначенного на 3 апреля 2022 года

1. Назначение выборов акима(далее – акима) сельских округов района
Территориальная избирательная комиссия. Не менее чем за40 дней до истечения срока полномочий акима. (п.2,3ст.113-1)
2. Опубликование в соответствующих средствах массовой информации списка избирательных округа с указанием их границ и мест нахождения территориальных избирательных комиссий
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем через десять дней после назначения выборов – 14 марта 2022 года. ( ст.22)
3. Опубликование в средствах массовой информации состава территориальных избирательных комиссий
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем через десять дней после назначения выборов – 14марта 2022 года. (п.4 ст.13)
4. Опубликование в средствах массовой информации состава участковых избирательных комиссий
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем через пятнадцать дней после назначения выборов – 14 марта 2022 года. (п. 2 ст.17)
5. Опубликование в средствах массовой информации сведений о границах избирательных участков
Соответствующие акимы. В пятнадцатидневный срок после назначения выборов – 19 марта 2022 года. (п. 5 ст. 23)
6. Выдвижение кандидатов в акимы
Политические партии, зарегистрированные в установленном порядке и граждане в порядке самовыдвижения. Начинается со дня, следующего за днем назначения выборов – 5 марта 2022 года и заканчивается в восемнадцать часов по местному времени за пятнадцать дней до дня проведения выборов, если иное не установлено при назначении выборов – 18 марта 2022 года. (п.1 ст. 113-3)
7. Установление соответствия кандидата в акимы требованиям, предъявляемым к нему Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее - Конституционный закон о выборах), статьи 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы
Территориальная избирательная комиссия. (ст. 4, пп.2) п. 11ст.113-5)
8. Регистрация доверенных лиц кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений.
Территориальная избирательная комиссия. Со дня установления соответствия кандидата в акимы требованиям, предусмотренными Конституционным законом о выборах. (пп. 8-1) ст.14, ст. 31)
9. Выдача кандидатам в акимы, выдвинутых в порядке самовыдвижения, подписных листов для сбора подписей в поддержку
Территориальная избирательная комиссия. В трехдневный срок после проверки кандидата на соответствие требованиям, предусмотренным Конституционным законом, статьей 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы. (ст. 113-4)
10. Проверка достоверности собранных подписей в поддержку кандидатов в акимы и оформление соответствующего протокола
Территориальная избирательная комиссия с привлечением работников паспортных служб.
В трехдневный срок после сдачи подписных листов в территориальная избирательная комиссии. (п. 7 ст. 113-4).
11. Внесение на счет местных исполнительных органов избирательного взноса в размере однократной минимальной заработной платы, устанавливаемой законом о республиканском бюджете и действующем на 1 января соответствующего финансового года
Кандидаты в акимы, политические партии (за каждого выдвинутого кандидата).
До регистрации кандидата. (п. 2 ст. 113-5)
12. Представление в органы государственных доходов по месту жительства декларации об активах и обязательствахна первое число месяца начала срока выдвижения (по состоянию на 1 марта 2022 года)
Кандидат и его (ее) супруга (супруг). До регистрации кандидата. (п. 3 ст. 113-5)
13. Проверка достоверности сведений об активах и обязательствах, задекларированных кандидатом и его (ее) супругой (супругом)
Органы государственных доходов. Втечение пяти дней со дня регистрации кандидата (п. 4 ст. 113-5)
14. Регистрация кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений1
Территориальная избирательная комиссия. Начинается после получения всех необходимых документов и заканчивается в18.00 часов по местному времени за десять дней до дня выборов – 23 марта 2022 года. (ст. 113-5)
15. Опубликование в средствах массовой информации сообщения о регистрации кандидатов в акимы
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем на пятый день после регистрации кандидатов. (п. 9 ст. 113-5)
16. Определение мест для размещения агитационных печатных материалов и их оснащение
Местные исполнительные органы и территориальные избирательные комиссии.
До начала агитации. (п. 6 ст. 28).

***(Жалғасы 7-бетте).***

## Жұмақ болсын соңғы тұрақ мекенің...

Жартытөбе ауылының тұрғыны, ардақты ана, аяулы жар, асыл жан **Анар Жайқауқызының** дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың нұрлы жүзі жадымыздан өшпек емес.



***Ананың орны бөлек өмірдегі,***
***Ана деген асыл жан өмірдегі.***
***Кім қияды анасын қара жерге,***
***Жоқ өзіңдей қамқоршы енді бізге,*** - деп, асыл анамыз Анар Жайқауқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, анамыздың көзін көрген жандардың есіне саламыз.

**Ас – 11 наурыз күні (10 наурыз – қонақ асы) Жартытөбе ауылындағы өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).**

***Асқа шақырушылар: Майусовтар әулеті.***

## Шапағатың шуақ болып төгілген



Шолаққорған ауылының тұрғыны, аяулы жар, асыл ана, ардақты әже **Әбілдаева Мираштың** бұл пәни жалғаннан ақиқи өмірге кеткеніне бір жылдың жүзі болды.

***Шапағатың шуақ болып төгілген,***
***Мейірімің сезілетін өңіңнен.***
***Ұл-қызының рахатын көре алмай,***
***Бұлттай көшіп кете барды көгімнен.***
***Әкемізбен отырушы ең жарасып,***
***Ағайынға жүруші едің қарасып.***
***Мәңгілікке кете бардың, амал не?***

***Жаратқанның бұйрығымен санасып***-дей отырып марқұм Мираш Әбілдақызының рухына бағыштап **11 наурыз қонақасы, 12 наурыз жылдық асы** Ж.Қаламбаев көшесіндегі өз шаңырағында өтетінін ағайын-туыс, құда-жекжат, анамыздың көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

***Асқа шақырушылар: жұбайы Көбеш, ұл-қыздары, келіндері мен күйеу балалары, немерелері, жиендері.***

## Асыл әке, аяулы әке ардақтым

Шолаққорған ауылының тұрғыны, еңбек ардагері, есеп саласының ардагері бірімізге адал жар, бірімізге ардақты әке, қимас бауыр **Қуанышбек Тойшыбекұлының** өмірден озғанына жылдың жүзі болды.



***Асыл әке, аяулы әке ардақтым,***
***Көтердің-ау ең ауырын салмақтың.***
***Өміріңнің қысы мен жазында,***
***Ұл-қызыңды қиясына самғаттың.***
***Сен кеткелі көрсетпеді жыл жүзін,***
***Сен кеткелі тере алмадық қыр гүлін.***
***Рухыңа арнап құран бағыштап,***

***Ас береміз ағайынға жиылып,***-дей отырып, әкеміз Қуанышбектің рухына бағыштап **19 наурыз-қонақ асы, 20 наурыз-жылдық асы** Шолаққорған ауылы Жамбыл көшесіндегі өз шаңырағында өтетінін ағайын-туыс, құда-жекжат, әкеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

***Асқа шақырушылар: жары Марусия, ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіндері.***

## Пейіштен орын берсін жасаған



Шолаққорған ауылының тұрғыны, білім саласының үздігі, жаны жайсаң жан **Шерімбет Айнұр Зубайрақызының** өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл жанның нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

***Ажал сені алып кетті ортадан,***
***Енді қайтып келмейсің-ау қайтадан.***
***Жатқан жерің жайлы болсын асыл жан,***
***Пейіштен орын берсін жасаған,*** - дей келіп, Айнұр Зубайрақызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 19 наурыз күні (18 наурыз – қонақ асы, Шолаққорған ауылы, кіші Балдысу көшесіндегі №14 үйде кешкі сағат 18:00-де беріледі) Шолаққорған ауылы, «Алтынай» дәмханасында сағат 12:00-де беріледі. (Карантин талаптарына сақтай отырып).**

***Асқа шақырушылар: бауырлары, Шерімбетовтер әулеті.***

## Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл азамат, ардақты жан, сүйікті ұл, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған **Зубайра Сейтмұхаммед Бауыржанұлының** бақилық болғанына 100 күн толғалы отыр. Жаны жайсаң жанның жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.



***Кетсеңдағы бізден алыс мәңгілік,***
***Жүрміз әлі сағынышпен қамығып.***
***Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда,***
***Жадымызда тұрар әркез жаңғырып,***-деп, ұлымыз Сейтмұхаммед Бауыржанұлының рухына бағыштап 100 күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандас-достарының есіне саламыз.

**Ас–18 наурыз күні Шолаққорған ауылы, кіші Балдысу көшесіндегі №14 үйде, сағат 18:00-де беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).**

***Асқа шақырушылар: бауырлары, Шерімбетовтер әулеті.***

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы Н.Төреқұлов атындағы IT лицейінің орыс тілі пәнінің мұғалімі Сырғабаева Мизам Жұмаділқызына ағасы

**Жұмаділұлы Жағыпардың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің қызметкері Абжанова Парасатқа сіңлісі

**Абжанова Әлия Қорғасынқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***(Соңы. Басы 6-бетте).***

17. Проведение предвыборной агитации
Начинается с момента окончания срока регистрации кандидатов и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов – 1 апреля 2022 года. (п. 2 ст. 27)

18. Предоставление кандидатам в акимы помещений для встреч с избирателями, составление и опубликование в средствах массовой информации графика встреч кандидатов и их доверенных лиц с избирателями в выделенных помещениях
Местные исполнительные органы и территориальные избирательные комиссии. В период проведения предвыборной агитации.
(п. 4 ст. 28)

19. Представление по акту в избирательную комиссию списков избирателей, подписанных акимом по каждому избирательному участку
Соответствующие акимы. За двадцать дней до начала голосования – 14 марта 2022 года
(п. 5 ст. 24)

20. Представление избирателям для ознакомления списков избирателей по избирательным участкам
Участковые избирательные комиссии. За пятнадцать дней до дня голосования – 19 марта 2022 года. (п. 1 ст. 26)

21. Оповещение избирателей о дне, времени и месте голосования
Участковые избирательные комиссии.
Не позднее чем за десять дней до дня проведения голосования – 23 марта 2022 года (пп. 5) ст. 18, п. 2 ст. 38)

22. Доставка избирательных бюллетеней для голосования участковым избирательным комиссиям
Территориальная избирательная комиссия
Не ранее чем за три дня и позднее чемза один день до выборов – с 31 марта по 2 апреля 2022 года (п. 3 ст. 37)

23. Открытие избирательных участков для голосования и составление соответствующего протокола
Участковые избирательные комиссии
За один час до начала голосования
В 06.00 часов по местному времени 3 апреля 2022 года. (п. 1 ст. 40)

24. Проведение голосования
Участковые избирательные комиссии.
В день выборов с 07.00 до 20.00 часов по местному времени - 3 апреля 2022 года
(п. 1 ст. 38).

25. Подсчет голосов и составление протоколов о результатах голосования по выборам акима на избирательном участке
Участковые избирательные комиссии
Начинается в 20.00 часов по местному времени – 3 апреля 2022 года.
(пп. 8) ст. 18, ст. 43)

26. Вывешивание копии протокола о результатах голосования в помещении избирательного участка в специально установленном месте для всеобщего ознакомления
Участковые избирательные комиссии.
После подписания протоколов – немедленно
(п. 8 ст. 43)

27. Представление протоколов о результатах голосования на избирательных участках в соответствующие районные (городские) избирательные комиссии
Участковые избирательные комиссии
После подписания протокола – немедленно
(п. 1 ст. 113-8)

28. Установление итогов выборов акима
Территориальная избирательная комиссия
Не позднее чем в трехдневный срок после выборов – 5 апреля 2022 года (ст. 113-10)

29. Опубликование в средствах массовой информации сообщения об итогах выборов акимов
Территориальная избирательная комиссия
Не позднее четырехдней со дня проведения выборов – 6 апреля 2022 года
(ст.44)

30. Регистрация избранных акимов, выдача соответствующих удостоверений
Территориальная избирательная комиссия
В семидневный срок со дня проведения выборов – 9 апреля 2022 года
После получения от избранных акимов в семидневный срок письменного заявления о сложении с себя обязанностей, не совместимых в соответствии с Конституцией и Конституционным законом о выборах со статусом акима.
(ст. 45, п. 3 ст. 46, п.1 ст. 113-11)

***Примечание: В тексте Календарного плана даются ссылки на нормы Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».***

# Өрт-қауіпті табиғи апат

Көктем келген сайын жылда ағаш көшеттерін отырғызуды жапай қолға аламыз. Одан кейін ол отырғызған көшеттеріміздің ертеңіне елеңдей қоймайтынымыз бар. Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде «анда газ жарылды, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды.

Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бектерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтті.

***Мақсат ЖУМАБЕКОВ,***
***Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман шебері.***

# Хабарландыру!

**Құрметті Таукент кентінің тұрғындары!**

Сіздерге Таукент кентінің Бас жоспарының жобалауына байланысты ұсыныс-пікірлеріңізді білдіру үшін 15 наурыз 2022 жылы сағат 15.00-де Таукент кенті әкімшілік ғимаратында халықтық тыңдау болатынын хабарлаймыз.

***Таукент кенті әкімшілігі.***

## Асқа шақыру

Аяулы қызымыз Абжанова **Алия Қорғасынқызының** дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болды. Сұм ажал ардақтымызды ортамыздан тым ерте алып кетті. Амал не? Тағдырдың ісіне не шара бар.



***Жатқан жерің жайлы болсын қарағым,***
***Жылай жылай жасқа толды жанарым.***
***Ұмытпаймыз ешқашан біз өзіңді,***
***Бөлене бер нұрына сен Алланың,***-деп марқұмды еске ала отырып Таукент елді мекені, Ерімбетов көшесі №39 үйде **12 наурыз күні қонақасын, 13 наурыз күні қырық күндік асын** өткізетіндігімізді ағайын-туыс, құда-жекжат, туған-туысқандарыңызды есіне салып құран ішінде болуға шақырамыз.

***Асқа шақырушылар: Абжановтар әулеті.***

# Тілсіз жаудың алдын алайық!

«Ағаш ек, тал ек, туған жерді түлет» деген мақсатты берік ұстана отырып көктем келген сайын жылда ағаш көшеттерін отырғызуды жапай қолға аламыз. Одан кейін ол отырғызған көшеттеріміздің ертеңіне елеңдей қоймайтынымыз бар. Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде «анда газ жарылды, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды.

Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас.

***Нахым МҰҚЫМБЕКОВ,***
***Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман шебері.***

## Асқа шақыру



Жуантөбе ауылының тұрғыны, еңбек және тыл ардагері **Жапабаев Төрегелді** мен жұбайы ардақты ана **Ахметқызы Жұманның** өмірден өткеніне жылдың жүзі болды.

***Аяулы әке, асыл әке, жан ана,***
***Өзің едің қамқор болған балаға.***
***Әр балаңды, өсіріп ең мәпелеп,***
***Теңеп бәрін дара менен данаға.***
***Ұрпағының ойлап қамын қашанда,***
***Біз есейдік әке-ана сенің арқаңда.***
***Әруақтарыңа ас береміз бағыштап,***

***Жәннат болсын өздеріңе мәңгілік!,***-дей отырып марқұм әкеміз бен анамыздың рухтарына бағыштап Жуантөбе ауылындағы өз шаңырағында **11 наурыз қонақ асы, 12 наурыз жылдық асы** өтетінін ағайын-туыс, құда-жекжат, әке-шешеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

***Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, келіндері, күйеу балалары, Жапабаевтар әулеті.***

# Жарамсыз деп танылсын

**Амандықов Ержан Төлегенұлының** иелігіндегі «Lada Largus» маркілі автокөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі: KZ 831 AAC/13) техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

# Жемқорлыққа қарсы бірге күресейік!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құлыксыза тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің дас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпебет келеді. Сондықтан кезкелген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керк. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып келеді.

***Айсұлу САЙЛАУОВА,***
***Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман заңгері.***

# АЛҒЫС АЙТУ-ПАРЫЗЫМ

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді атам қазақ. Бірақ дәл қазіргі уақытта жақсылықты айтып нұр тасытудан көрі күн сайын еститініміз «ешкімге сенбе, сені өзге жұрт болсын демейді, шамасы келсе аяқтан шалып, ортаға жығады» дейтін қоғамға деген сенімсіз көзқарастардан туындаған жан құлазытар жағымсыз сөздер. Сондайда шынымен бірін-бірі дос, бауыр көретін қазақы мінезіміз келмеске кеткені ме деп те қаласың. Алайда айналамызда басқаның ауыртпашылығын өз ауыртпашылығындай, қайғысына өз қайғысындай ортақтаса алатын жақсы адамдар жетерлік. Сондай елге үлгі болар, қазақы, сақа мінезден арылмаған, жаны жайсаң, жоқ-жітікке, жетімжесірге қол ұшын беріп, көмектесуді өзінің адамдық парызы санайтын, ел қадірлеген жан туралы айтқым келеді.

Ол кісі ауданымыздағы қара халықтың құрметтісіне айналған ел ағасы, аудандық мәслихат депутаты, "Нұр-Отан" партиясының белді мүшесі Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы. Бұл кісі менің қиын кезеңдерімде қолдау білдіріп, жанашырлық танытқан бірден-бір жан.Екі баламмен жұмыссыз қалғанымда отбасылық жағдайымды еркеріп, алдымен балабақшаға, кейін өз мамандығым бойынша мектепке мұғалім болып орналасуыма септігін тигізді. Осылайша қазақ елінде мұқтаж отбасының саны біреу болсада кеміді.

Шүкір, қазір ел қатарлы еңбек етіп, балаларымның бақытты күлкісіне барымды арнап күн кешудемін.

Кейде сәл артқа шегініп жасап өткенімді саралаймын. Сондайда ойыма бірден қиын күндерімде қамқорлық танытып, жәрдем жасаған жақсы адамды еске аламын. Шынайы алғысымды қалай жеткізсем деп ойланамын. Жақсылық еткен адамға рахметімді жеткізуді парыз санаймын.

Рас кейде өз алғысыңды қалай білдірсеңде аз сияқты көрінеді. Сондай алғысқа сіз лайықсыз, көке!

Мереке қарсаңында жаны жақсылыққа толы парасат иесіне өз алғысымды білдіргім келеді.

Құрметті Берік көке!

Сізге мың алғыс! Сіз алғысқа да, құрметке де лайық жансыз. Елімізде дәл сіздей шапағатшыл, мейірімді жандар көп болсын.

***Маржан АБИЛОВА.***

# Футзалдан жарыс өтті

Аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебін 1991-2002 жылы оқып, 20 жыл бұрын бітірген түлектердің ұйымдастыруымен футзалдан ауыспалы Кубок жарысы өткізілді. Жарыс ережесі де ерекше. Мұнда 35 жастан асқан азаматтар қатысады. Команда сапында 45 жастағы бір азамат болуы шарт. Өз жастары арасында доп теуіп, шеберліктерін көрсетуге мүмкіндік мол. Қысқасын айтқанда, жас ерекшелігіне орай ұйымдастырылған өзгеше жарыс. Спорттық сауықтыру кешенінде өткен ауыспалы Кубок жарысына шау тартсада, аладопты серік еткен «Жалғас-85», «Жібек жолы», «Жұлдыз», «Бауырлар», «БЖСМ», «Степной», «Абай», «Созақ», «Барыс-86» сынды 9 команда қатысты. Шын шеберге тұсау жоқ. Жанкүйерлердің делебесін қоздырған ойын көп болды. Екі топқа бөлініп, кубок жолындағы жарыс көрігін қыздырды. Жартылай финал мен финалдық ойын барысында шын мықтыны анықтау қиынға соқты. «Жұлдыз» және «Бауырлар» командасы финалға берілер жолдаманы пенальти сериясында анықтады. Сәттілік жолдас болған «Жұлдыз» командасы финалда «Абай» командасымен кездесті. Тартысты өткен ойын барысында «Абай» командасы жеңіске жетіп, Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебін 1991-2002 жылы оқыған түлектердің ауыспалы кубогын ұтып алды. Ұйымдастырушылар тарапынан жарыстың «үздік қақпашысы» болып «Жібек жол» командасының ойыншысы Убайдулла Жолдасов танылды. Көрермен көзаймына айналған, «Абай» командасының ойыншысы Нұрлыбек Өксікбаев қас шеберлігін көрсетіп, алаңның барлық позициясында үздік көрініп, турнирдің ең «үздік ойыншысы» атанды. Сондай-ақ «Степной» командасынан «үздік бомбардир» Болат Қорысбаев, «Жұлдыз» командасының ойыншысы Мақсат Дүйсебаев «үздік қорғаушы» атағын алды. «Бауырлар» командасынан Нұржан Төлепбергенов «Үздік ойыншы» деп танылды.



Жарысты ұйымдастырушы Нұралы Оспанов; -Сөз жоқ, жастар арасында жарыс жиі өтеді. Кезінде доп теуіп, бүгінде түрлі салада қызмет етіп жүрген азаматтар, жасыл алаңды, ала допты аңсайды. Бұл жарыстың мақсатының өзі, жас ерекшеліктеріне сай тұрақты ұйымдастырылып отыр. Мұнда азаматтар доп теуіп, достықтарын ұлғайтады. Денсаулықтарын түзейді. Салауатты өмір салтын ұстанады,- дейді. Сонымен қатар, жарысты ұйымдастырушы әрі «Жібек жолы» командасының үздік ойыншысы Біржан Омарбеков; -Барлық командалар, үздік ойын өрнегін көрсетті. Бойындағы жастық жігерлерін паш етті. Ойын барысы өте тартысты өтті. Қатысушы командаларға алғысымызды айтамыз. Ауыспалы Кубок ай сайын өткізіліп тұрады,- дейді.

***Ерлан РАЙЫМҚҰЛОВ.***

# СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Созақ ауданы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7 (72546) 23-3-03, 23-3-43 сенім телефонына хабарласуға болатындығын ескертеді.

***«Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.***

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-
Аға тілші-
Нұржамал МАЙМУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайныш-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теруші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік беттен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - 3900 дана
Кезекші редактор:
М.Қарғабай.